



НОРМАТИВТІК
ҚАУЛЫ

2025 жылғы 26 ақпандағы №67-НҚ

Астана қаласы

НОРМАТИВНОЕ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ _____

город Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 5) тармақшасының және 8-бабы 1-тармағының, «миссионерлік қызметті тіркеусіз жүзеге асырғаны» үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеуге қатысты 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бабы үшінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә. Азимова, судьялар А.Қ. Ескендіров, Қ.Т. Жақыпбаев, А.Е. Жатқанбаева, А.Қ. Қыдырбаева, Қ.С. Мусин, Б.М. Нұрмұханов, Е.Ә. Оңғарбаев, Р.А. Подопригора, Е.Ж. Сәрсембаев және С.Ф. Ударцев қатысқан құрамда,

өтініш субъектісі Ж.И. Биимбетовтің өкілдері – Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты Н.А. Кононенконың және «ZANGER» Солтүстік Қазақстан заң консультанттары палатасының заң консультанты К. Черниченконың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр Л.К. Мерсалимованың,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкілі – Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті директорының орынбасары Ж.Р. Балабаевтың,

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі – Дін істері комитеті төрағасының орынбасары Ә.Н. Хатиевтің және Діни қызмет саласындағы құқық қолдану практикасы басқармасының басшысы Б.К. Манетовтің,

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілі – Заң департаменті бастығының орынбасары Д.С. Мусиралиевтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б. Адамовтың,

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың өкілі – Азаматтық және саяси құқықтар бөлімінің меңгерушісі Д.К. Сариевтің,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімінің бас консультанты А.Б. Дүйсеновтің,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н.А. Сартаеваның,

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының өкілі – Конституциялық, әкімшілік заңнама және мемлекеттік басқару бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері Е.С. Абулгазиннің,

Парламентаризм институтының өкілі – атқарушы директор А.К. Канатовтың,

сондай-ақ сарапшылар – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасының орынбасары – бірінші проректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Э. Дүйсеновтің және заң ғылымдарының докторы, Қонаев Университетінің профессоры К.К. Айтхожиннің қатысуымен,

сарапшы – заң ғылымдарының докторы, «Тұран» университетінің Жоғары құқық мектебінің профессоры Л.Т. Жанузакованың қорытындысымен; Монпелье университетінің жария құқық докторы, Женева университетінің құқық профессоры, адвокат П. Мужниннің құқықтық қорытындысымен; Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты ұсынған материалдармен таныса отырып,

2024 жылғы 19 қарашадағы ашық отырысында Ж.И. Биимбетовтің «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң) 1-бабы 5) тармақшасының және 8-бабы 1-тармағының, «миссионерлік қызметті тіркеусіз жүзеге асырғаны» үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеуге қатысты 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБК) 490-бабы үшінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы С.Ф. Ударцевті және отырысқа қатысушыларды тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп және Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқық нормаларына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты (бұдан әрі – Конституциялық Сот)

анықтады:

Өтініш мазмұнынан және оған қоса берілген материалдардан бірінші сатыдағы сот 2023 жылғы 12 шілдедегі қаулысымен Ж.И. Биимбетовті ӘҚБК-нің 490-бабының үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп танып, оған айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданғанын және апелляциялық сатыдағы сот 2023 жылғы 17 тамыздағы шешімімен бұл қаулыны өзгеріссіз қалдырғанын түсінуге болады. Уәкілетті мемлекеттік органның мәліметінше, Ж.И. Биимбетов миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін тіркеуден өтпеген, «Ехоба куәгерлерінің мәсіхшілік қауымы» діни бірлестігінің миссионері ретінде тіркелмеген. Сот «Ж.И. Биимбетовтің әрекеттері белсенді сипатта болған, өзінің діни ілімін бөтен діндегі адамдар ортасында таратуға бағытталған, бұл оның миссионерлік қызметті жүзеге асырғанын айғақтайды» деп тұжырым шығарған.

Өтініш субъектісі өзінің миссионерлік қызметі «сөз еркіндігі және ар-ождан бостандығы конституциялық құқықтарын іске асыру тәсілі» болып табылатынын мәлімдеп, Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның 1-бабы 5) тармақшасының («миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың дінге үндеу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі») және 8-бабы 1-тармағының («Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады»), сондай-ақ ӘҚБК-нің 490-бабы үшінші бөлігінің, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың «миссионерлік қызметті тіркеусіз (қайта тіркеусіз) жүзеге асырғаны үшін» әкімшілік жауаптылық белгіленген ережелеріне дау айтады. Санкция ретінде Қазақстан Республикасының азаматтарына – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу көзделген.

Өтініш субъектісі өзі дау айтып отырған Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция, Негізгі Заң) ережелеріне: 4-бабының 1 және 3-тармақтарына, 8-бабына, 12-бабының 1 және 2-тармақтарына, 14-бабының 1-тармағына, 20-бабының 1 және 2-тармақтарына, 22-бабының 1-тармағына және 39-бабының 1-тармағына сәйкес келмейтіндіктен конституциялық емес деп тануға жатады деп есептейді.

Өтініште көрсетілген Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң мен ӘҚБК нормаларының конституциялылығын тексеру кезінде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі (12-баптың 1-тармағы). Адамды және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп тану (1-баптың 1-тармағы) Қазақстанның құқықтық жүйесінің негізін құрайды. Мемлекет кез келген жағдайлар бойынша, оның ішінде дінге көзқарасына байланысты кемсітуге

тыйым сала отырып, осы құқықтар мен бостандықтарды қорғауға және әркім үшін олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді (14-баптың 2-тармағы).

Конституцияда сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі, цензураға тыйым салынады (20-баптың 1-тармағы), бұл жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамытуға және өз қабілетін іске асыруға, адамның жан дүниесін, ой-пікір, наным еркіндігін жүзеге асыруға бағытталған. 20-баптың 2-тармағына сәйкес «Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді». Аталған құқық ақпаратты және оны алу көздерін еркін таңдау құқығын да қамтиды. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі (бұдан әрі – Конституциялық Кеңес), атап айтқанда, «діни нанымдарды тарату бостандығы құқығы абсолютті болып табылмайды» және «Конституцияға сәйкес заңнамалық жолмен шартталуы» мүмкін екендігіне назар аударған болатын (2009 жылғы 11 ақпандағы № 1 нормативтік қаулы). Конституцияның 20-бабының 3-тармағында «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» деп бекітілген. Бұл ережелер құқықтар мен бостандықтарға белгілі бір шектеулер қоюға мүмкіндік беретін Конституцияның 39-бабымен өзара байланысты.

Конституцияның осы нормалары 2005 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, «ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділікке әкеліп соғатын, өздігінен кемсітуге, араздыққа немесе зорлық-зомбылыққа арандатушылық болып табылатын қандай да бір үгіт жүргізуге заң тұрғысынан тыйым салынуға тиіс» (20-баптың 2-тармағы) деп белгіленген Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (Нью-Йорк, 1966 жылғы 16 желтоқсан) (бұдан әрі – АСҚХП) ережелерімен үйлеседі.

Конституцияның 20-бабының барлық ережесі бір-бірін толықтырады және Негізгі Заңның өзге де баптарындағы нормалар секілді біртұтастықты құрайды.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында «ақпарат», «ақпаратқа қол жеткізу», «қол жеткізу шектелген ақпарат» (1-баптың 1), 2) және 8) тармақшалары) терминдерінің анықтамалары берілген, сондай-ақ қол жеткізуге шектеу қойылмайтын ақпарат көрсетілген (6-бап). «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында «мемлекеттік құпиялар» және «қызметтік құпия» ұғымдарының анықтамалары қамтылады (1-бап) және әртүрлі салаларда мемлекеттік құпияларға (11 – 14-баптар), сондай-ақ құпияландыруға жатпайтын мәліметтерге (17-бап) не жататыны белгіленген.

Ақпаратты алу мен таратуға қойылатын кейбір шектеулер басқа заңдарда да, мысалы: коммерциялық және қызметтік құпияны, абоненттер туралы қызметтік ақпаратты, дербес деректерді (азаматтық құқықта); жеке және отбасылық құпияны, бала асырап алу құпиясын, жетім балалар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпаратты (отбасы құқығында); медицина қызметкерінің құпиясын (медициналық құқықта); банк құпиясын (банктік құқықта) қорғау үшін көзделген.

«Масс-медиа туралы» 2024 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында, атап айтқанда, діни астамшылықты насихаттау немесе үгіттеу, өзін-өзі өлтіруді, есірткі заттарын насихаттайтын ақпаратты тарату масс-медияны немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не олардың өнімін таратуды тоқтата тұруға негіз болып табылады деп көзделген (23-баптың 3-тармағы). Осы Заңда масс-медияны немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не олардың өнімін таратуды тоқтату негіздерінің бірі ретінде, мысалы, ұлтаралық және конфессияаралық араздықты қоздыруға бағытталған материалдарды жариялау және ақпаратты тарату көрсетілген (23-баптың 4-тармағы). «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді заңсыз пайдалануға жол берілмейді. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ұлттық қауіпсіздік туралы заң) сәйкес ұлттық қауіпсіздік түрлерінің бірі – ақпараттық қауіпсіздік (4-баптың 5) тармақшасы).

Конституцияның 22-бабының 1-тармағында әркімнің ар-ождан бостандығы құқығы бекітілген, ал 2-тармағында «ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс» деп белгіленген.

2. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қоғам мүдделері мен мақсаттарынан және осыған байланысты туындайтын қоғам мүшелерінің міндеттерінен бөліп-жарып қарауға болмайды. Құқықты теріс пайдалануға жол берілмейді. Басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтары адам құқықтары мен бостандықтарының шекарасы болып табылады. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, оның ішінде етене құқықтары мен бостандықтарының болуы басқа адамдардың мүдделерін, қадір-қасиетін, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің құндылықтары мен мүдделерін құрметтеу жөніндегі белгілі бір міндеттерді жоққа шығармайды. Құқықтар мен мүдделерді өзара құрметтеу әділдікті қамтамасыз етеді және жеке-дара құқықтар, басқа адамдардың құқықтары мен қоғам мүдделері арасындағы теңгерімді ұстап тұрады.

Адам міндеттерінің сақталуы оның құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің шектеуі дегенмен бірдей емес. Адамның басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау жөніндегі міндеттері, сол сияқты басқалардың осы адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау жөніндегі міндеттері – адамның құқықтары мен

бостандықтарын іске асыру шарты, элементі және етене нормасы. Мұндай өзара міндеттер қоғамда жеке-дара еркіндікті шектемейді, керісінше кепілдік береді және кеңейтеді, барлығының және әркімнің еркіндігіне жағдай жасайды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217А (III) резолюциясымен қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының (бұдан әрі – АҚЖБД) 29-бабының 1-тармағында «Әр адамның адам баласының еркін және толық кемелденуіне мүмкіншілік беретін қоғам алдында міндеттері бар» деп бекітілген.

Қоғамда адамның құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуы оларды қоғамның барлық мүшесінің өзара тануы негізінде жүзеге асырылады, бұл адамның басқа адамдарға қатысты міндеттерді орындауын да және басқа адамдардың, жалпы қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігі мақсатында әркімнің құқықтары мен бостандықтарын басқа адамның құқықтарымен және бостандықтарымен белгілі бір шектеуді де, жеке бас еркіндігін ақылға қонымды шектеуді де талап етеді. Еркіндіктің тарихи уағдалы және жылжымалы шекаралары оның эволюциясының қандай да бір кезеңінде қоғамның нақты экономикалық, саяси, құқықтық, мәдени және өзге де ерекшеліктерімен байланысты.

Заңда белгіленген міндеттерді, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарының шекараларын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін бұзу конституциялық, қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, еңбек және өзге де заңнамада белгіленген заңды жауаптылыққа алып келеді.

Конституция адамның құқықтары мен бостандықтарын жария ете отырып және оларға кепілдік бере отырып, адамның құқықтары мен бостандықтары міндеттерден бөлек бола алмайтындығын да таниды. Конституцияның 12-бабының 3-тармағында Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып қана қоймай, міндеттерді де атқарады деген ереже қамтылады. Азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасындағы құқықтары мен міндеттері туралы аталған баптың 4-тармағында айтылған. Осы баптың 5-тармағына сәйкес адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Бұл адамның құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың, қоғамның әрбір мүшесінің және жалпы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі. Конституциялық құқықтарды, бостандықтарды сақтау және конституциялық міндеттерді орындау заңдарға сәйкес қажетті құқықтық ықпал ету шараларымен қамтамасыз етіледі.

Жекелеген адамдардың Конституцияның 12-бабы 5-тармағының ережелерін сақтамауы, мысалы: жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы (18-баптың 1-тармағы); сөз еркіндігі, заңда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алу және тарату құқығы (20-баптың 1 және 2-тармақтары); ар-ождан бостандығы құқығы (22-баптың 1-тармағы); тынығу құқығы (24-баптың 4-тармағы) сияқты басқа адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуға әкеп соғуы мүмкін.

Азаматтардың әртүрлі міндеттерінен басқа, Негізгі Заңда әркімге жүктелетін міндеттер бекітілген, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтау, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу; Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеу (34-баптың 1 және 2-тармақтары); заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де төлемдерді төлеу (35-бап).

Конституцияның 12-бабы 5-тармағының және 34-бабы 1-тармағының нормалары өзінің мазмұны бойынша қоғамда адамның құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуының ақылға қонымды шегін белгілейді, бұл қоғамдық тәртіпті және имандылықты, денсаулықты сақтауды, басқа адамдардың құқықтарын, заңды мүдделерін, абыройы мен қадір-қасиетін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай шекаралар халықаралық шарттарда, Қазақстан Республикасының заңдарында нақтыланады және жеке бостандықтар, басқа адамдардың құқықтары мен жалпы қоғам мүдделері арасында теңгерімді қамтамасыз етуге тиіс.

3. Конституцияның 4-бабының 2-тармағында «Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады» деп бекітілген. Бұл нормаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы сәйкес келуге тиіс (4-баптың 1-тармағы).

Ұлттық құқықта Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттардың оның заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады (Конституцияның 4-бабының 3-тармағы).

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында нысанасы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары болып табылатын халықаралық шарттардың барлығы ратификациялауға жатады (11-баптың 1) тармақшасы), сондай-ақ «Қазақстан Республикасы ратификациялаған және қолданыстағы болып табылатын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының оның заңдары алдында басымдығы болады және халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайлардан басқа кезде тікелей қолданылады» деп көзделген (20-1-бап). Осы Заңның 2-бабының 2-тармағында «Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне сай келмейтін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе тәуелсіздігінен айырылуына әкеп соғатын халықаралық шарттарды жасасуға жол берілмейді» деп белгіленген. Халықаралық шарттар жасасу және Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық мүдделерін сақтау туралы ұқсас нормалар Ұлттық қауіпсіздік туралы заңда да қамтылады (2-баптың 3-тармағы, 5-баптың 1-тармағы). Конституциялық Соттың 2023 жылғы 22 мамырдағы № 17-НҚ қосымша қаулысында көрсетілгендей, «Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары аталған талаптарды осыларға сәйкес келмейтін жобалардың мақұлдануына және қол қоюға енгізілуіне жол бермей, халықаралық

шарттардың жобаларын және халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін әзірлеу және талқылау кезеңінде ескеруге міндетті».

Халықаралық құқықта құқықтарды пайдалану заңда белгіленген адамның жауапкершілігімен, шара арқылы айқындалатын ықтимал шектеулермен және еркіндік шекараларымен, адамның құқықтары мен бостандықтарын, басқа адамдардың қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін имандылық қағидаттарымен ұштасады. АҚЖБД-ның 29-бабының 2-тармағында «өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда әр адам тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсаты көзделген жағдайда ғана және демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана, заңмен белгіленген шектеуге ұшырауға тиіс» деп белгіленген.

Ар-ождан бостандығы құқығы халықаралық актілерде де, мысалы, АҚЖБД-да және АСКХП-да бекітілген. АҚЖБД-ның 18-бабында әр адамның өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, сондай-ақ өз дінін немесе наным-сенімін жеке өзі де, басқа адамдармен бірлесіп те, жария түрде немесе жеке жолмен, оқытуларда, практикада, ғибадатта және діни салт-жораларда уағыздау бостандығын қоса алғанда, ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар деп айтылады.

Осыған ұқсас ережелер АСКХП-ның 18-бабында қамтылады: «Әрбір адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық дінге сену немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша тандап алу еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп тұту бостандығын, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни және наным-сенім мен ілім салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды» (1-тармақ); «Ешкім де дінге сену немесе дін мен наным-сенімдерін өз қалауынша тандап алу еркіндігін кемітетін мәжбүрлікке ұшыратылуға тиіс емес» (2-тармақ). АСКХП-ге сәйкес ар-ождан бостандығы құқығы белгілі бір жағдайларда шектелуі мүмкін. Осы баптың 3-тармағында «дінге сену немесе наным-сенімдерін тұтыну еркіндігі тек қана қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңмен белгіленген шектеулермен ғана шектелуге тиіс» деп белгіленген.

АСКХП-ның 19-бабында әрбір адамның өз ой-пікірін еш кедергісіз ұстануға (1-тармақ) және, «мемлекеттік шекараларға қарамастан кез келген ақпараттар мен идеяларды еркін іздеу, тауып алу және оларды өз қалауынша тандап алған құралдар арқылы ауызша, жазбаша немесе баспасөз арқылы немесе көркемдік бейнелеу формалары түрінде тарату бостандығын» қоса алғанда, өз ой-пікірін еркін білдіруге құқығы бар деп танылады (2-тармақ). Бұл ретте аталған баптың 3-тармағында «Осы баптың 2-тармағында көзделген құқықтарды қолдану ерекше міндеттер мен ерекше жауапкершілікті жүктейді. Сондықтан оларды қолдану кезінде кейбір шектеулердің кездесуі мүмкін» деп бекітілген. Мұндай шектеулер заңмен белгіленуге тиіс және: а) басқа тұлғалардың құқықтары мен абырой-беделін құрметтеу, б) мемлекеттік

қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті қорғау, жұртшылықтың денсаулығын немесе имандылығын сақтау қажеттілігінен туындауға тиіс». АСҚХП-ның 20-бабының 2-тармағында «ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділікке әкеліп соғатын, өздігінен кемсітуге, араздыққа немесе зорлық-зомбылыққа арандатушылық болып табылатын қандай да бір үгіт жүргізуге» заңмен тыйым салу қажеттігі қосымша көрсетілген.

АСҚХП ережелерін түсіндіру аясында «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті ережесіндегі шектеу және тартыну түсіндірмесінің Сиракуз принциптері» (Біріккен Ұлттар Ұйымы, 1985 жыл) (бұдан әрі – Сиракуз принциптері) әзірленген болатын. Оларда шектеу «қажеттігі»: «(а) Пакті баптарының біреуіне сәйкес осындай шектеудің ұйғарынды болуы бойынша ережелердің біреуіне құрылуын, (b) мемлекет пен қоғамның қажетті талабын орындауды, (c) заңды мақсаттарды көздеуді, сондай-ақ (d) осы мақсаттарға сай болуын» білдіреді деп белгіленген (А кіші бөлімінің 10-тармағы). Сиракуз принциптерінің I бөліміндегі В кіші бөлімінде «қоғамдық тәртіп», «халық денсаулығы», «халықтың адамгершілік құндылықтары», «ұлттық қауіпсіздік» терминдеріне түсіндіру де берілген.

«Мораль» және «адамгершілік» ұғымдарының мазмұны уақыт өте келе өзгеретіні және әртүрлі мәдениеттерде біркәнді болмауы ескеріле отырып, Сиракуз принциптерінде «мемлекетте адамгершілікті қорғау мақсатымен шектеуді қолдануда белгілі бір еркіндік бар», алайда қолданылатын шектеу «қоғамның негізін қалаушы құндылықтарға деген құрметті қолдау үшін маңызды» болуға тиіс деп көрсетілген (27-тармақ).

Бұл ережелер Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес келеді, оған сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Конституциялық Сот шектеу шараларының негіздері мен шегі Конституцияның 39-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келуге тиіс екенін бірнеше рет атап өткен болатын (2023 жылғы 21 сәуірдегі № 11, 2023 жылғы 18 мамырдағы № 14-НҚ нормативтік қаулылар).

4. Қазақстан Республикасының егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды (Конституцияның 2-бабының 2-тармағы). Заңнамалық монополияға ие бола отырып, мемлекет Конституцияда және өзге де қолданыстағы құқықта белгіленген шекте діни бірлестіктердің мәртебесі мен қызметін құқықтық реттеуді жүзеге асыруға құқылы.

Қазақстан Республикасының Парламенті (бұдан әрі – Парламент) Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 1) және 11) тармақшаларына сәйкес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі қағидаттар мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға құқылы. Бұл ретте «Конституция заң шығарушыға мемлекет пен қоғамның айрықша қорғалатын мүдделері мен құндылықтарына төнетін қауіп-қатерге барабар құқықтық шаралар айқындау мүмкіншілігін береді» (Конституциялық Кеңестің

2005 жылғы 23 тамыздағы № 6 және 2009 жылғы 11 ақпандағы № 1 нормативтік қаулылары).

Парламент қабылдаған Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң діни сенім бостандығы құқығын іске асыруға және діни бірлестіктердің, жекелеген адамдардың қызметін, сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның 1-бабының 5) тармақшасында белгіленген миссионерлік қызмет кез келген діннің әрбір өкіліне дінге үндеу мақсатында өз діни ілімін тарату үшін қажетті және аталған Заңға сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен бұрын қолданыста болған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызметті есептік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады деп белгіленген болатын. Миссионерлік қызметті есептік тіркеусіз жүзеге асыруға тыйым салынды (1-баптың 6-тармағының 4) тармақшасы).

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 23-тармағымен қолданыстағы Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Миссионерлік қызмет анықтамасы қазіргі қолданыстағы редакциясында беріліп, «діни ілімді тарату» ұғымының анықтамасы енгізілді: «діни ілімді тарату – белгілі бір діннің негізгі догматтары, идеялары, көзқарастары және практикалары туралы ақпаратты жеткізуге, сол сияқты беруге бағытталған қызмет» (Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның 1-бабының 4-1) тармақшасы).

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді сақтап тұру, қоғамдық тәртіпті сақтау, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында мемлекеттен түрлі жағдайларда ықтимал әлеуметтік шиеленіс пен қақтығыстарға, қоғам мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеу үшін тиісті реттеуші және бақылау шараларын қабылдау талап етіледі.

Шет елдерде миссионерлік қызметті құқықтық реттеудің және оның жүзеге асырылуын мемлекеттік бақылаудың түрлі нұсқалары қолданылады, мысалы: тіркеуден бас тарту, миссионерлік қызмет процесінде заңнаманың сақталуын бақылау; діни бірлестіктердің (ұйымдардың) өзіне өз миссионерлерін (оларға миссионерлік қызмет үшін жауапкершілікті жүктей отырып) есепке алу құқығын беру; үйлерді, пәтерлерді аралау арқылы белсенді прозелитизмді жүзеге асыратын адамдарды тіркеу; миссионерлік кіру визаларын және діни іс-шараларға қатысу үшін визалар беру; тіркелген діни бірлестіктердің

(ұйымдардың) және олардың тіркелген миссионерлерінің елдің бүкіл аумағында немесе жекелеген штаттарда, өңірлерде қызметіне рұқсат беру; миссионерлерді мерзімді қайта тіркеу; жекелеген аудандарда миссионерлік қызметті жүргізуге рұқсат алу; тіркелген миссионерлікке рұқсат беру және прозелитизмге тыйым салу; тіркелген діни бірлестіктердің (ұйымдардың) қызметіне рұқсат беру, бірақ миссионерлікке толық тыйым салу; дербес деректерді қорғау, қоғамдық тәртіп, ұлттық қауіпсіздік, діни бірлестіктер (ұйымдар), денсаулық сақтау туралы заңнама, қаржы заңнамасы талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгілеу; кейбір діни бірлестіктерге (ұйымдарға) және олардың миссионерлік қызметіне толық тыйым салу; миссионерлік қызмет процесіне жаңадан келушілерді тіркеу; кейбір моноконфессиялық елдерде бір діннен екінші дінге өтуге тыйым салу; «діннен шығу», «күпірлік» үшін, миссионерлердің жекелеген жағдайларда қоғамдық тәртіпке қатер төндіреді деп қаралатын қызметі үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы), ар-ождан бостандығы мен ақпаратты еркін алу және тарату құқығын тани, қорғай отырып және оларға кепілдік бере отырып, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді, қоғам дамуының ішкі және сыртқы жағдайларының ерекшелігін, тәуелсіз мемлекет қауіпсіздігін, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету қажеттігін ескеріп отырады. Осыған байланысты конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау үшін, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттау мүмкіндігіне жол бермеу үшін қажетті шаралар заң деңгейінде айқындалған.

Мемлекеттік бақылаудың бұл шарасы – заңда белгіленген миссионерлік қызметті тіркеу талабы. Тіркеу ар-ождан бостандығына қайшы келмейді, ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында діни қызмет пен миссионерлікті іске асыру үшін жағдай жасайды және көпконфессиялы қоғамда қоғамдық тәртіп кепілдіктерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге де жәрдемдеседі.

Қазақстанда тіркелген діни бірлестіктердің миссионерлерін тіркеу үшін тиісті мемлекеттік қызмет көрсету қамтамасыз етілген. Миссионерлерді тіркеу үшін қажетті құжаттар мен материалдар Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның 8-бабының 4-тармағында тікелей санамаланған, оның ішінде 3) тармақшасында «діни бірлестіктің атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген құжат» көрсетілген. Шын мәнісінде осы Заңда миссионерлік қызмет мақсаттарын ойдағыдай іске асыру үшін миссионерлерді таңдау еркіндігі бар діни бірлестіктің өзін-өзі реттеу және жауапкершілігін арттыру тетігі бекітілген.

Миссионерлік қызметті тіркеудің заңда көзделген рәсімі адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға кедергі

келтірмейді. Миссионерлерді тіркеуден тек дінтану сараптамасының теріс қорытындысы негізінде, сондай-ақ олардың миссионерлік қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қауіп төндіретін болса, бас тартылады (Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның 8-бабының 5-тармағы).

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның 3-бабына сәйкес Қазақстанда зайырлы мемлекет ретінде «Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен не ерлі-зайыптылардың некесін бұзумен (отбасының бұзылуымен) немесе туыстық қарым-қатынастарды тоқтатумен, имандылыққа нұқсан келтірумен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзумен, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға түрткі болумен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықпен ұштасатын діни бірлестіктер қызметіне жол берілмейді» (12-тармақ). Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды, оның ішінде қайырымдылық арқылы және (немесе) олардың діни бірлестіктерден шығуына кедергі келтіретін, оның ішінде материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып бопсалау, күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқыту жолымен не алдау жолымен өз қызметіне мәжбүрлеп тартатын діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді (13-тармақ). Осы баптың 14-тармағына сәйкес діни бірлестіктің қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын діни бірлестіктің, оның басшылары мен басқа да қатысушыларының (мүшелерінің) пайдасына өздеріне тиесілі мүлкін иеліктен шығаруға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылған жағдайда мемлекет араласуға, құқық бұзушылықты жоюға немесе оған жол бермеуге құқылы. Ар-ождан бостандығы (дін және наным бостандығы) екі өлшемде: ішкі және сыртқы деп түсінілетінін атап өту керек. Бірінші өлшемде ар-ождан бостандығы адамның жан дүниесін, ішкі еркіндігін, оның санасын, дүниетанымын білдіреді және ешқандай шектеуге жатпайды. Миссионерлік қызмет ар-ождан бостандығының сыртқы өлшеміне, дінді немесе нанымды ұстану, адамдарды осы дінге тарту мақсатында діни ілімді уағыздау жөніндегі сыртқы практикалық қызметке жатады және негізделген шектеулер қойылады. Бұл қызметті мемлекеттің тіркеуі миссионерлік қызметтің одан әрі кедергісіз іске асырылуына жәрдемдесу және миссионердің өз нанымдарын ғана емес, сонымен бірге нақты діни бірлестіктің діни ілімін ресми түрде ұсынуы үшін жағдай жасау, сондай-ақ барлық адамның ар-ождан бостандығы құқығын, өзге де құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Ішкі ар-ождан бостандығы абсолютті болғанымен, әртүрлі діни бірлестіктер миссионерлерінің қызметінде дін бостандығының сыртқа әсері нақты қоғамның мүдделері мен ерекшеліктерін, басқа адамдардың құқықтары

мен бостандықтарын сақтауды ескермеуге тиіс емес. Діни нанымдар мен миссионер ретіндегі қызмет жасалған әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықтан, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауаптылықтан босатпайды.

5. ӘҚБК-нің 490-бабының үшінші бөлігінде, атап айтқанда, миссионерлік қызметті тіркеу (қайта тіркеу) туралы заңды талапты бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік жауаптылығы белгіленген.

Зайырлы мемлекетте заң шығарушы діни тұрғыдан өзін-өзі көрсету құқығы мен қоғам мүдделерін қорғау арасындағы теңгерімді сақтай отырып, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу үшін қажетті шараларды қабылдай отырып, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдауға құқылы.

Миссионерлік қызметті тіркеуге (қайта тіркеуге) қатысты Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгілеу Конституцияға қайшы келмейді. Конституцияның 34-бабының 1-тармағына сәйкес әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігіне нақты шараны айқындау Парламент құзыретіне жатады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік жауаптылық шараларын заңсыз қолданудан сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға жүгіну арқылы құқықтық қорғалу мүмкіндігі көзделген.

Конституциялық Сот заңда айқындалған, қазіргі уақытта тіркеу міндеттілігін және заңсыз миссионерлік қызмет үшін әкімшілік жауаптылықты қамтитын миссионерлік қызметті бақылау Конституцияға қайшы келмейді деп есептейді. Сонымен бірге, заңсыз миссионерлік қызмет үшін жауаптылық жасалған құқық бұзушылыққа, конституциялық мақсаттарға, мемлекеттің функцияларды тиімді жүзеге асыруына мөлшерлес болуға, оның мүдделеріне сәйкес келуге және нақты заңсыз миссионерлік қызмет төндіретін қауіптілік дәрежесіне пропорционал болуға тиіс.

Жоғарыда баяндалған ережелер, адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы конституциялық нормалар, сондай-ақ Конституцияда көзделген мақсаттарға сәйкес жекелеген құқықтарға заңдар негізіндегі ықтимал кейбір шектеулер ескеріле отырып, заң шығарушының миссионерлік қызметті тіркеу міндеттілігін және мұндай тіркеу туралы талаптың сақталмауына әкімшілік жауаптылықты белгілеуінен өтініштегі конституциялық құқықтардың бұзылуы көрінбейді.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын және 74-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы

4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62-баптарын және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 5) тармақшасы, 8-бабының 1-тармағы және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бабының үшінші бөлігі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын.

2. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

3. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

**Қазақстан Республикасының
Конституциялық Соты**